

БЕКІТЕМІН

БҚИТУ ректоры, профессор

Б.Т. Шакешев

2024 ж.



ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ

СЖҚ 08. ҚЕ 28

№ 02 басылым

№ 1 дана

Орал, 2024



**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ**

СЖҚ 08. ҚЕ 28.
Өзгерістер: 02
2 - 5 беттен

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Мақсаттары
3. Міндеттері
4. Қауымдастық мүшелігі
5. Құқықтары және міндеттері
6. Құрылымы
7. Сілтемелер

Өзірленді: « <u>26</u> » <u>08</u> 2024 ж. Абекешев А.И. 	Келісілді:  Машанова С.А.	Енгізілді: « <u>02</u> » <u>09</u> 20 <u>24</u> ж. Қайта қарау: « <u>02</u> » <u>09</u> 20 <u>27</u> ж.
--	---	--



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

"Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті түлектерінің қауымдастығы" Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық ұйымы (бұдан әрі-Қауымдастық) мүшелікке негізделген және мәдени, білім беру, ғылыми, басқару және өзге де мақсаттарға қол жеткізу, ортақ мүдделерін іске асыру үшін құрылған Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті түлектерінің (бұдан әрі – Университет) өзін-өзі басқаратын, ерікті қоғамдық бірлестігі болып табылады.

Қауымдастық БҚИТУ түлектеріне түлектер мен университет арасында өзара тиімді ынтымақтастық мүмкіндіктерін құра отырып, көмек көрсетеді және білім беру қызметтері нарығында ЖОО-ның позициясын нығайтуға жәрдемдеседі.

Қауымдастықтың ұйымдық-құқықтық нысаны - қоғамдық ұйым.

Қауымдастықтың қызмет мерзімі шектеусіз. Қауымдастық өз қызметін Батыс Қазақстан облысының аумағында жүзеге асырады, ҚР түрлі өңірлерінде және шетелде тұратын түлектерді өз мүшелігіне тартады.

2. МАҚСАТТАРЫ:

- түлектердің кәсіби және мәдени қарым-қатынасы үшін жағдай жасау;
- түлектердің өзін-өзі толық іске асыруы үшін жағдай жасау, олардың кәсіби өсуіне жәрдемдесу;
- оқу, ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және өзге де жобаларды жүзеге асыруда түлектердің тәжірибесі мен мүмкіндіктерін пайдалану есебінен БҚИТУ даму стратегиясын іске асыруға жәрдемдесу;
- БҚИТУ-дың бастаушыларының, студенттері мен қызметкерлерінің күш-жігерін біріктіру, имиджін нығайту, БҚИТУ-дың корпоративтік байланыстарын кеңейту арқылы БҚИТУ-дың миссиясын орындауға көмек көрсету;
- БҚИТУ-дың әлеуметтік, мәдени, білім беру, ғылыми мәселелерін шешуге жәрдемдесу;
- БҚИТУ түлектері мен оқытушылары арасында ақпарат алмасу;
- жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуге жәрдемдесу.

3. МІНДЕТТЕРІ:

- Университеттің үздік дәстүрлерін сақтауға және дамытуға жәрдемдесу;
- БҚИТУ түлектеріне бір-бірімен кәсіби байланыс орнатуға көмек көрсету, Қауымдастық мүшелері арасындағы байланысты қолдау;
- түлектерге білім беру, консультациялық және өзге де қызметтер көрсету;
- Қауымдастық қызметінің мақсаттарына сәйкес келетін бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу;
- дәрістер мен семинарлар, конференциялар, көрмелер, мәдени-бұқаралық, спорттық және басқа да іс-шаралар өткізу;
- БҚИТУ түлектерінің ақпараттық дерекқорын жүргізу;
- сауалнама жүргізу және қоғамдық пікірді зерделеу;
- Қауымдастықтың мақсаттарын іске асыру үшін қажетті кәсіпкерлік және шаруашылық қызметті жүзеге асыру;
- БҚИТУ материалдық-техникалық базасын дамытуды қаржыландыруға қатысу;
- университеттің білім беру, ғылыми және мәдени қызметін жинауды, өңдеуді ұйымдастыру;
- университеттің коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимылын нығайтуға қолдау көрсету;
- жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
- білім беру бағдарламаларын жетілдіруге қатысу.



4. ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛІГІ:

- Қауымдастық мүшелері болып жеке тұлғалар мен Университеттің түлектері, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер ретіндегі заңды тұлғалары бола алады;
- Қауымдастықтың мүшелері тең құқықтар мен міндеттерге ие;
- Қауымдастықтың әрбір мүшесі кез келген уақытта Қауымдастық мүшелігінен шығуға құқылы.

5. ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ:

5.1 Қауымдастық мүшелері құқылы:

- оның барлық органдарының істері мен қызметін басқаруға, Қауымдастық не оның қатысуымен өткізілетін барлық іс-шараларға, сондай-ақ Қауымдастықтың жобалары мен бағдарламаларын іске асыруға қатысуға;
- ұсыну, сайлау және сайлану, ал ұжымдық мүшелер Қауымдастықтың барлық органдарына өз өкілдерін сайлау және ұсынуға;
- Қауымдастық қызметінің кез келген мәселелерін талқылау және оның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;
- Қауымдастыққа тиесілі немесе жалға алынған мүлікті, ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік, байланыс құралдарын, деректер банктерін және т. б. белгіленген тәртіппен пайдалануға;
- Қауымдастық қызметтерін жеңілдікті шарттарда пайдалануға;
- Қауымдастықтың және оның органдарының қызметі туралы ақпарат алуға;
- заңды негізде оларға тиесілі мүлікті Қауымдастықтың меншігіне беруге;
- Қауымдастық басқармасының, Қауымдастық төрағасының немесе Қауымдастықтың барлық мүшелерінің шешімінің тапсырмасы бойынша Қауымдастық атынан сөз сөйлеуге және оның мүдделерін білдіруге;
- Қауымдастық басқармасының сайланған және бекітілген мүшелерінің кезектен тыс жиналысты шақыруға;
- Жарғыға сәйкес Қауымдастықтың басшы және атқарушы органдарының қызметін бақылауға.

5.2 Қауымдастық мүшелері:

- Қауымдастық ережелерінің баптарын орындауға және сақтауға;
- өздері сайланған органдар жұмысына белсенді қатысуға;
- Қауымдастықтың басқарушы органдарының шешімдерін орындау, өз іс-әрекеттерін Қауымдастық басшылығымен келісу, оның атынан сөз сөйлеу және оның мүдделерін білдіруге;
- Қауымдастықтыққа материалдық немесе моральдық залал келтіретін қылықтарды жасамауға;
- Берілген немесе жауапкершілікке жүктелген материалдық мүлікке ҚР заңнамасы тәртібі шеңберінде жауапты болуға;
- Осы ережеден туындаған өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

6. ҚҰРЫЛЫМЫ.

- Қауымдастықтың басқарушы органдарына Қауымдастық мүшелерінің жиналысы, Қауымдастық төрағасы, жиналысы, Қауымдастық басқармасы жатады;
- Жоғары басшы органы болып Қауымдастық мүшелерінің жиналысы саналады. Жиналыс Қауымдастық Басқармасының шақыруымен қажеттілігіне қарай жылына кемінде 1 рет өткізіледі. Кезектен тыс жиналыс Қауымдастық Басқармасының бастамасымен немесе Қауымдастық мүшелерінің 20% -ның бастамасымен шақырылады.

	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ- ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ	СЖҚ 08. ҚЕ 28. Өзгерістер: 02 5 - 5 беттен
---	---	--

Жиналыс заңды деп есептеледі, егер оған Қауымдастық мүшелерінің (немесе олардың өкілдерінің) жартысынан көбі қатысса.

7. СІЛТЕМЕЛЕР

1 "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы.

2 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бекіткен "Жоғары кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары";

3 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

4. БҚИТУ Жарғысы;

5. Университетішілік нормативтік құжаттар.